

А. Бимен, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 1-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекшісі: Б. Д. Әбілеазина, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының ІІО басқару кафедрасының аға оқытушы

ІІО-ҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ» ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС

«Жаңа Қазақстан жаңа әлемде» атты Президентіміздің Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз бүкіл ел бойынша әлемдік стандарт деңгейінде білім берудің сапалы қызметін көрсетуге жетуге тиіспіз» деген¹. Осыған орай, білім жүйесіне заманауи технологияны енгізу тек білім сапасын өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар кәсіби білімді жоғары нәтижелілікпен қамтамасыз ететін зор күш болып табылады. Кәсіби бағытта болашақ ішкі істер органдары қызметкерлері, біз, яғни заң институты тыңдаушылары оқу барысында информатиканың және компьютерлік техниканың негіздерін, ақпараттарды жан-жақты өңдеу әдістерін терең меңгеріп, жаңа ақпараттық технологияларды қызмет салаларына байланысты жоғары деңгейде қолдана алатын, әлемдік стандартқа және заман талабына сай келетін мамандар болуымыз көзделеді. Ал күнделікті құқылық ақпаратпен жұмыс істеу үшін, алдымен ақпарат түсінігін, қасиетін білу керек. Онымен жұмыс істеу барысында қолданылатын технологияларды меңгеріп, өз ақпаратыңды қорғай білу керек. Ұсынылып отырған жұмысымызда осы мақсаттарды ашуға тырыстым.

Сонымен, ақпаратты қорғау — ақпараттың сыртқа кетуінің, оны ұрлаудың, жоғалтудың, рұқсатсыз жоюдың, өзгертудің, маңызына тимей түрлендірудің, рұқсатсыз көшірмесін жасаудың, бұғаттаудың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар кешені.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезін қойылатын шектеулерді қанағаттандыруға бағытталған ұйымдастырушылық, программалық және техникалық әдістер мен құралдардан тұрады.

Ақпараттық қауіпсіздік режимін қалыптастыру кешендік мәселе болып табылады. Оны шешу үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық, программалық, техникалық шаралар қажет және оны уақыт талабына сай толықтырылып отыру қажет деп ойлаймын.

Ақпараттық инфрақұрылымы мен ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кең қызығушылық үш маңызды жағдаймен байланысты:

– ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жаңа құрылғылар мен материалдармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – құқық тану, физика, химия, материалтану, биология, медицина, технология, компьютер технология, экология, социология пәндерін біріктіретін бағыт.

– ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасының шешімі ғылыми инженерлік бірлестігінің осы бағытқа назар аударуына әсер етіп, технологиялық және фундаменталдық білімдерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

¹ 2008 жылғы 6 ақпандағы ҚР Президентінің Жолдауы.